# ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ




Айналайын, құдай-ау,
Қапалық салдың жасымнан.
Шешенің зарын тарттырдың,
Бес жасымда басымнан.
Сөйлемей пенде шыдамас,
Қайғы отына ашынған.
Жарымды көрмей неше жыл,
Қапалықты асырған.

Жарымды алып қор қылдың,
Жас өмірде тасынған.
Айырып, от қып өртедің,
Әбіш-сынды асылдан.
Әбішті алып күл қылдың,
Қызылды гүлді жасылдан.
Тым болмаса, қызмет қып,
Өткізбедім қасымнан.

Жиырма екі жасымда
Мен айрылдым жарымнан.